

«Қоғамдық пәндер» кафедрасы

«Құқық негіздері» пәні

№ 2 практикалық жұмыс

Тақырыбы: Құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтау негіздері.

1 академиялық сағат

Тәңірбергенова Рабиға Көлекбайқызы

rabiga.tanirbergenova@mail.ru

Мақсат: Студенттерге құқықтық қатынастардың ұғымын, айрықша белгілерін және түрлерін, сондай – ақ құқықтық қатынастардың құрамының бірнеше бөлшектерін таныстыру.

Оқыту міндеттері:

- құқықтық қатынастар туралы, адамның құқықтары мен бостандықтары және оны қамтамасыз ету мен қорғаудағы заңның орны жайлы үйрену.
- құқықтық қатынас тараптарының субъективтік құқықтары мен заңды міндеттері, оларды байланыстыратын қатынастар туралы үйрену.

Тапсырмалар:

Құқықтық қатынас қоғамдық байланыстың ерекше түрі ретінде.

Құқықтық, экономикалық, әлеуметтік-саяси және басқа да қатынастар.

Құқықтық қатынас құқық нормасының талаптарын іске асыру тәсілі ретінде.

Құқықтық қатынасты субъектілері, мазмұны және объектісі бойынша жіктеу.

Құқықтық қатынастың субъектілері.

Құқық субъектілік, құқықабілеттілік, әрекетқабілеттілік .

ЕСЕП: Құқықтық қатынас дегеніміз – мемлекеттік кепілдікке екі жақты құқықтары мен міндеттері бар қоғамдық қатынас. Сұрақ: Құқықтық қатынастың нышан-белгілерін атаңыз?

ЕСЕП: Құқықтық қатынас – ол субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер арқылы пайда болатын адамдар, ұйымдар, мемлекеттік органдар арасындағы байланыс. Сұрақ: Құқықтық қатынастың құрылымы қанша элементтен тұрады?



ЕСЕП: Гипотеза – аталған норма әрекетке түсетін мән – жайлар.


Сұрақ: Гипотезаның түрлерін атаңыз?

ЕСЕП: Диспозиция – тікелей мінез-құлық ережелері. Сұрақ: Диспозицияның түрлерін атаңыз?


ЕСЕП: Санкция – нақтылы диспозицияны орындағаны немесе орындамағаны үшін қолданылатын жазалау немесе көтермелеу шараларының түрі. Сұрақ: Санкцияның түрлерін атаңыз?

**ҚҰҚЫҚТЫҚ
НОРМАЛАРДЫҢ
ЛОГИКАЛЫҚ
ҚҰРЫЛЫМЫ**





Диспозиция



Санкция

```
graph TD; A[Санкция] --- B[ ]; B --- C[ ]; B --- D[ ]; B --- E[Жазаның тек жоғары шама мерзімін анықтайтыны]; B --- F[Жазаның төменнен жоғары шама мерзіміне дейінгі анықтайтыны];
```

Жазаның тек жоғары шама мерзімін анықтайтыны

Жазаның төменнен жоғары шама мерзіміне дейінгі анықтайтыны


ЕСЕП: Құқық қабілеттілігі дегеніміз – құқыққа және міндетке ие болу қабілеттілігі, ал әрекет қабілеттілігі – оларды жүзеге асыру қабілеттілігі.

Сұрақ: Құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі қай кезде басталып, қай кезе аяқталады?

ЕСЕП: Кінә - құқық бұзушының өзінің құқыққа қарсы тәртібіне психологиялық көзқарасы. Сұрақ: Кінәнің қанша нысаны бар және оларға түсінік берінің?

ЕСЕП: Құқық функциясы дегеніміз қоғамдық қатынастарға құқықтың ықпал етуінің негізгі бағыттары.

Сұрақ: Құқық функциялары қаншаға бөлінеді.



**Құқық бұзушылық
құрамы:**



1. Алғашқы қауым қоғамында адамдардың мінез-құлық жүріс-тұрыстарын қандай әлеуметтік нормалар реттеп отырған?

- A) саяси нормалар;
- B) қауым әдет-ғұрыптары (мононормалар);
- C) заң нормалары;
- D) техникалық нормалар;
- E) діни нормалар.

2. Заң дегеніміз:

- A) мемлекеттік органдар ресми түрде қабылдайтын кез келген құжат;
- B) жоғары заңдық күші бар нормативтік құқықтық акт;
- C) қоғамда көп мәрте қайталанатын тәртіп;
- D) қоғамның барлық мүшелерінің ерікті келісімі;
- E) қоғамда қалыптасқан әдет.

3. Құқық белгілерін атаңыз:

- A) құқықтың жүйелігі;
- B) құқықтың жалпыға бірдей міндеттілігі;
- C) құқықтың жария (формальды) анықтылығы;
- D) құқықтың мемлекет күшіне сүйенуі, қамтамасыз етілуі;
- E) аталған белгілердің бәрі, сондай-ақ құқықтың реттеушілігі.

4. Құқық дегеніміз:

- A) қоғамдық ұйым белгіленген мінез-құлық ережелері;
- B) мемлекет тарапынан қамтамасыз етілетін жалпыға бірдей міндетті, формальды анықталған нормалар жүйесі;
- C) соттың шешімі;
- D) моральдық нормалар;
- E) қоғамда қалыптасқан жөн-жоралғылар.

5. Құқықтың басты қызметін атаңыз:

- A) реттеу, қорғау;
- B) бағалау;
- C) тәрбиелеу;
- D) танымдық;
- E) мәдени.

6. Латын тілінде «норма» термені – қай мағынаны білдіреді?

- A) Үлгі, қағида.
- B) Құқықтық қатынас.
- C) Баспақана.
- D) Теріс қылық.
- E) Заңды әрекет.

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар:

1. Құқықтың негізгі ұғымдары мен санаттары.
2. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет.
3. Нормативтік құқықтық актілердің түсінігі мен құрылымы.
4. Құқықтың жүйесі мен заңдардың жүйесі.
5. Қазақстандық құқықтың негізгі салалары.
6. Құқықтық қатынастардың түсінігі мен түрлері.
7. Құқық бұзушылықтың түсінігі мен түрлері.
8. Қазақстандық құқықтың басқа мемлекеттің құқық жүйелерімен арақатынасы.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Дүниежүзілік құқықтық жүйе негізінде қанша түрге бөлінеді?
2. Құқық қанша жолмен дамыды?
3. Құқықтың негізгі қызметін және салаларын анықтаңыз.
4. Құқықтық норманың құндылығын атаңыз?
5. Құқықтық нормалардың белгілері қандай?

Әдебиеттер және интернет қорларына сілтемелер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08. 1995ж. (өзгертулер мен толықтырулар 2 ақпан 2011ж. енгізілді)
2. Құқық негіздері: Оқу құралы / Б.Ө. Алтынбасовтың редакциялығымен. – Астана, «Мастер По» ЖШС, 2012. – 336 бет.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері. Оқыулық 2 кітаптан тұрады. / Құрастырған Е.Баянов. 1-ші кітап. – Алматы, 2009. – 384 бет .
4. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық 2-басылым, өңдеген , толықтырған – Астана: Фолиант,2011. – 360 бет.
5. Булгакова Д. А. « Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы. –Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2013. – 130 бет.